

1. №2 Семинар сабағының тақырыбы. Кеңес Одағында тоталитарлық жүйенің қалыптасуы

2. Сабақтың мазмұны:

1. Тоталитаризм ұғымы және Кеңес үкіметінде тоталитарлық жүйенің орнауы.
2. Қазақстан тоталитарлық жүйенің орнығуы.
3. Жаппай саяси-қуғын сүргіннің өріс алуы.

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Кеңес үкіметінде тоталитарлық жүйенің орнауын және мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатын баяндау. Тоталитарлық басқару жүйесінің қоғам өміріне әсерін айқындау.

4. Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, плакаттар, проектор сызба-кестелер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі. Тоталитарлы саяси жүйе - мемлекеттің қоғамға және жеке адамға толықтай, тұтас бақылау орнатуымен сипатталатын саяси жүйенің бір түрі. Оған тән ерекше белгілер: азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының барынша бұзылуы; барлық деңгейдегі биліктің жоғарыдан тағайындалуы; билік бөлінісі принципінің жойылуы, яғни, биліктің барлық - атқарушы, заңшығарушы, сот тармақтарының тұтасып кетуі; басында көсемі бар бір ғана билеуші партияның болуы және оның мемлекетпен тұтасып кетуі; басқа партиялардың және ұйымдардың қызметінің ресми "қозғалыс" қызметімен алмастырылуы; қоғамның барлық мүшелеріне бір ресми идеологиялық доктринаның таңылуы; тек қана мемлекеттік нысандағы бұқаралық ақпарат құралдарының болуы, қандай да болмасын ақпараттың қатаң "сүзгіден" өткізілуі; үздіксіз әрі тұтастай зорлыққа негізделген мемлекеттік ұйымдасқан лаңкестік.

1920 жылдары КСРО-да социалистік құрылыс мәселелері жөнінде терең идеялық-саяси күрес өріс алды. Бұл күрестегі басты мәселе - КСРО-дағы социалистік құрылыстың үлгісі жөнінде еді. Ол уақытқа дейін социализмнің екі үлгісі: бірі коммунизмге «секіріп өту» мүмкіндігі болған, шаруаларға одан әрі қысым жасау, күш қолдану мен террорға сүйенген әскери-коммунистік демократияны дамыту; екіншісі - өндірушілердің материалдық ынтасын арттыру қағидасына, тауар-ақша қатынастарын жан-жақты дамыту идеясына негізделген ЖЭС-тік үлгісі болған еді. Большевизм басшыларының қай-қайсысы болмасын индустрияландыруды, ауыл шаруашылығын кооперациялау мен мәдени революцияны жүзеге асырудың қажеттігіне еш күмән келтірмеді. Алайда олар социализм құрылысының қарқыны мен әдістері, пролетариат диктатурасының кеңес қоғамындағы әр түрлі таптар мен топтарға деген көзқарасы жөнінде әр қилы түсінікте болды. Бұл уақытта Лениннің өзінде де бұл мәселені шешуде қандай да бір аяқталған, жүйеге келтірілген ұстаным болған жоқ.

Осындай жағдайда саяси өмірде біртіндеп мемлекет аппаратын алмастыра бастаған коммунистік партияның үстемдігі мен авторитарлық биліктің күшею тенденциясы өсе түсті. Қазақстанда автономияның жариялануы сөз жүзінде қалып, республика өзін-өзі іс жүзінде толық басқаруға қол жеткізе алмады. Өнеркәсіп орындары, темір жолдар, республиканың халық шаруашылығына қатысы бар нәрселердің бәрі Мәскеудің тікелей басқаруында болды. Демократияға жат сайлау заңдары қазақтардың басшылық қызметтердегі санын шектеп отырды. 1920 жылы қазақтар барлық өнеркәсіп жұмысшыларының бар-жоғы 17%-ын құрады. Бірінші облыстық партия конференциясының 163 делегатының тек 19-ы ғана қазақ болса, 1922 жылы Қазақстан партия ұйымдарындағы қазақтардың жалпы саны бар-жоғы 6,3%-ға ғана жетті.

1920 жылы жергілікті халықтар коммунистерінің саяси хал-ахуалды ортаазиялық республикаларды бірыңғай Түркістан АКСР-іне біріктіру жолымен өзгерту, түркі халықтарының Коммунистік партиясын құру әрекеті орталық өкімет орындарының араласуымен сәтсіз аяқталды. Партияның өлкелік комитеті таратылып, реформаның Т. Рысқұлов бастаған бастамашылары партиялық және мемлекеттік қызметтерден кетуге мәжбүр болды. Өздерінің «қателіктерін» ресми түрде мойындаған соң тек екі жылдан кейін ғана олар республика басшылығына қайтып оралды.

Кеңестер Одағында Тоталитаризм орныққан 1920 – 1930 ж. байлар мен кулактарды тап ретінде жою шаралары және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясаты жүзеге асырылып, қазақ халқы алапат ашаршылық пен босқыншылықты бастан кешті. Кеңестік Тоталитаризм ұлттық зиялы қауым өкілдерінің бір бөлігін өзіндік саяси ұстанымдарына орай “тап жаулары”, “жат пікірдегілер” және “әлеуметтік қауіпті элементтер” ретінде кудалады.

1930-1950 жылдары кеңестік қоғамда орнаған саяси режим кезінде мемлекеттің жеке адам үстінен абсолюттік билігі орнады. Тоталитарлық режимнің өзіне тән белгісі экономикада мемлекеттік-партиялық билік белең алды. Меншіктің мемлекеттік формасы Коммунистік партияға республиканың экономикалық, өмірін алдымен одақ мүддесіне сай құруға мүмкіндік әперді. Өнеркәсіпті құру және ауыл шаруашылығындағы ұжымшар-кеңшар жүйесі халық шаруашылығы жоспарының есебі бойынша жүргізілді. Тоталитарлық мемлекеттік жүйеге тән рухани сала құндылықтарын қалыптастыру үшін Кеңес өкіметі алғашқы күндерден бастап мәдени революция міндеттерін шешумен айналысты. Халықтың санасезімін Коммунистік партия белгілеген идеологиялық ұстанымдармен сәйкестендіру әрекеті үздіксіз жүргізілді. қазақстандағы білім беру жүйесі, ғылым және мәдениет мекемелері мемлекет пен партия тарапынан қатаң бақылауға алынды.

6. Деңгейлік тапсырмалар:

1. Тоталитаризм ұғымы және Кеңес үкіметінде тоталитарлық жүйенің орнауы.
2. Қазақстан тоталитарлық жүйенің орнығуы.

7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары: Саяси қуғын-сүргін тарихының зерттелу деңгейі Тоталитаризм ұғымының мәнін аша отырып, Кеңес үкіметінің саяси өмірімен байланыс орнатыңыз.

Тоталитарлық жүйенің қоғам өміріне тигізген кері әсеріне талдау жасаңыз.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
2. Нурпейісов К. Алаш һәм Алашорда. А., 1995;
3. Козыбаев М., Алдажуманов К. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. А., 1997;
4. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. -344 бет.
5. Кан Г.В., Шаяхметов Н.У., Қазақстан тарихы. Оқулық. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2009. – 264 бет.
6. Жораева Г.Т. Алаш зиялыларының тарихы мен тағдыры (XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың I жартысы): Оқу құралы. - Шымкент: «Нұрлы Бейне» баспасы, 2024. -180 бет.